# ЖАЛЫНДАП ЖАНУ

## немесе өлімді басқа тепкен, өмірдің гүлін еккен майдангер-ұстаз Мүтәш Сүлейменовпен сырласу

### (Эссе)



Жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де сонау бір алапат соғыстың жан жарасы да, тән жарасы да жазылар емес. Өлілер қара жер қойнына ала кетсе, тірілер жүрегіне, бойына сақтап келеді. Қазақстаннан 1200 мыңдай адам майданға аттанса, 410 мыңы опат болыпты. 96638 адам орден, медальдармен марапатталыпты. Қан майданның серкелері - 497 адам Кеңес Одағының Батыры (соның 100-і қазақтар), 142-і "Даңқ" орденінің толық иегері атаныпты. Қазір осылардың қаншамасының арамызда жүргенін дәл айта алмаймын. Әй, аз қалды-ау!

**Солардың бірі - "Даңқ" орденінің үш дәрежесінің толық иегері, ұрыста елдің айбыны, ұлы істе ұрпақ бағбаны болған ұстаз, ардагер азамат Мүтәш Сүлейменов ағамыз.** Мүкеңмен көптен жақсы таныс-біліс болғандықтан биылғы сексен деген биіктің сеңгіріне шығар мүшел тойы алдында көңілде жүрген көп ойдың кейбіреулерін оқырманға ұсынбақпын.

Батыр ағамыздың бойына біткен қарапайымдық, кішіпейілдік, имандылық, инабаттылық қасиеттер кімді болсын тәнті етерліктей. Біз мақтағанмен өзі мақтануды білмейді. Онда арнасынан аспайтын байсалдылық, ерінбей еңбектенетін табандылық, ұлағатты ұстазға тән ұстамдылық бар.

Баяғы 67 жасында қалмақтың жас батырымен жекпе-жекке шығып жайратқан Қабанбай батыр сынды алып та емес. Хас шебердің қолынан қырналып, сырланып шыққан асыл бұйымдай әсем. Бойы да, ойы да бұзылмаған таза, жаны жайсаң да мөлдір. Талайды иіп енкейткен сексеннің өзі белін бүге алмаған. Енді міне денсаулығы сыр бере бастаса, ол кешегі отты майдан жылдарының "ескерткіштері" болар. Қар жамылып, мұз төсенген, түлкі құрсақ жүрген айлар, нәр сызбаған, су татпаған қиямет қайым күндер "мені ұмыттың ба?" деп түртпектей бастағаны ма, қалай?

**- Мүке, мен сізбен теледидарда жүргенде талай сұхбат құрғаным есіңізде шығар. Сіздің сондағы әңгімелеріңізді түгелдей еске сақтадым десем жаңсақ болар. Дей тұрсақ та сыйлас, сырлас болып кеткен сияқтымыз, - деп інілік наз білдіремін. - Бүгінгі әңгімені сіздің жастық шағыңыздан бастасақ қалай көресіз?**

Мүкең сонау алыста қалған балалық, жастық шағын көз алдынан өткізіп, таразылап отырғандай, біраз үнсіздіктен соң, бір сәт жүзіме тіктеп қарады да шешіліп сөйлеп кетті.

- Біздің ұрпақ "даяр асқа тік қасық" болған емес. Ақ пен қызылдың арпалысқан аласапыран жылдарында дүниеге келіппін. Жер сілкінгендей алапат басталды. Алдымда аранын ашып ашаршылық тұр екен. Әкем Сүлеймен Қарабеков Тоқа руының Тілен деген бұтағынан. Еті тірі азамат екен. Ауру мен аштық араласып, өмірден ерте кетті. Нұра бойында су көп. Соның бірі - "Лақсалған" көлінде Теміржан, Қопа деген балықшылардың етегінен ұстап, балық аулап күн көрдім. Өз анамды ғана емес, бір ауылды асырауға тырбанып үлес қостым. Өстіп жүргенде көктем күндерінде бір ұрадан бір қап бидай тауып алып, жарты дәніне тіс тигізбей, жерді күректеп, үш жерге бидай ектік. Құдай берді. Күзде едәуір астық алдық. Аузымыз асқа тиіп, кенеліп қалғандаймыз. Осыдан соң шешемді алып, "Құланөтпеске" көшіп бардым. Әкіш Әбдіхалықұлы атты кісімен бірге тағы да балық аулауға кірісіп кеттім. Елде мал қалған жоқ. Аштық көзі үңірейіп келіп, өлім сеуіп, "өнімін" орып жатты. Ел жапатармағай Нұра бойына, одан әрі Қарағандыға жөңкілді. Коммунистік жастар мектебі дегенге іліктім. Қойшы, әйтеуір, соғыс басталғанша 9-сыныпты бітірдім. Ұжымшар құрылғанда есепші болдым. Еңбектене жүріп онжылдық білім алдым. 1942 жылдың басында әскерге алындым. Одан соң Орскіде бір айлық әскери даярлықтан өттім.

**- Балалық, жастық шағыңыз тым ауыр болған екен, Мүке.**

- Бізде сол шақтар атымен болмады ғой деймін. Әлгідей қиындықтардан соң майдан көрігіне түсу оңай дейсіз бе?

**- Солай, Мүке, Біз әлі майданға кіргеміз жоқ. Басқадай айтар не бар?**

- Басқа айтарым, 1954 жылы тың көтеру жұмысына араластым. Сол кезде Казгородокте дене тәрбиесінен сабақ беретін едім. "Қызыл шілік" деген жерде жүгері ектік. Негізгі күш - мектеп балалары. Директорымыз Жанайдар Әубәкіров деген кісі еді. Жақсы өнім алдық. Күзде 70 баланы бастап егін орағына қатыстым. "Шұңқыр көл" ұжымшарына да қол ұшын бердік.

**- Жарайды, Мүке. Енді майданға кірсек қайтеді?**

- Кірсек кірейік. - Мүкең жымиып күліп қойды. - Әңгімені қалай жалғастырсақ екен?

**- Әңгімені Даңқ орденінің үш дәрежесін қалай алғаныңыз жөнінде сабақтасақ.**

- Олай болса, мына бір қағазбен танысқан жөн болар - менің қолыма 1943 жылы Қызыл Армияның Жоғарғы саяси Басқармасы қазақ тілінде "Даңқ" орденіне кімдер ие бола алады? деген мазмұнда шығарған кішкене ғана 4 беттік үндеу қағазды ұстатты. Майдан жәдігерінің қысқаша мазмұны мынадай: 1) Сен жаудың бекініп жатқан жеріне бірінші болып бұзып кірсең; 2) Өртеніп жатқан танктың ішінде жауынгерлік тапсырманы орындай берсең; 3) Өз бөлімшеңнің туын сақтап қалсаң, жаудың туын тартып алсаң; 4) Жараланғаныңа қарамай соғыса берсең; 5) Жаудың он және одан да көп солдаты мен офицерін жоқ қылсаң; 6) Ұрыста командиріңді сақтап қалсаң; 7) Өзіңнің танк ататын мылтығыңмен атып, жаудың екі танкін істен шығарсаң; 8) Жаудың блиндажына, окопына бірінші болып бұзып кіріп, гарнизонын жойсаң... Қысқасы осы айтылғандардың қай-қайсысын орындасаң да Даңқ орденімен марапатталасың. Үндеу таза қазақ тілінде, жауынгердің рухын көтеретіндей көркем жазылған. Бір айта кетер жай, соғыс кезінде қазақ сияқты басқа шағын ұлттар тілдерінде де осындай үндеулер, газеттер шығарылып тұрған ғой. Осындай адам санасына нәр беретін жалынды үгіт - насихат жұмыстарының басында менің қаламдастарым журналист ағайындар жүрді - ау деген ой мақтаныш тудырады екен... Үндеу "оқы да жолдасыңа бер" деп тапсырады жауынгерге.

**- Мазмұнын түсіндім, Мүке, - дедім. Мына құжатқа қарағанда сізге Даңқ орденінің үш дәрежесі емес, он дәрежесін беруі керек еді.**

- Қалай?

**- Былай. Сіз және сіз басқарған танкіге қарсы ататын зеңбірекшілер тобы 19 маусым 1944 жылы Белоруссияның Погоран елді мекенін жаудан босатарда дұшпанның екі атыс нүктесін, 20 солдатын жойып, қалғандарын тырқырата қуған екенсіздер. Осы жолы Даңқ орденінің 3 дәрежесі Сізге бұйырды. Екінші дәрежесін аларда 8-9 тамыз 1944 жылы Осовец қаласының Крышин бекінісін босатарда 1 пулеметін, 8 солдатын, 13-14 тамызда 2 пулемет нүктесін 10 солдатын жойып, жаудың қарсы шабуылын тойтарып, жаяу әскерге жол ашыпсыздар. Үшінші дәрежесін аларда Данциг қаласын босатуға қатысып, жаудың 3 танкісін қиратып, 1 мергенін, 2 пулемет нүктесін жойыпсыздар. Мұның үстіне 17 тамыз 1943 жылы Рославль қаласын азат етерде дұшпанның 2 пулемет нүктесін, 12 жаяу әскерін, бір мергенін жойғаныңыз үшін "Ерлігі үшін" медалін алыпсыз. Ол аз болса 29 маусым 1944 жылы Друть өзенін кешіп өтерде жаудың 3 пулемет нүктесін талқандап, әскерлердің алға жылжуына жол ашқаныңыз үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталыпсыз. Бұдан соң тағы да "Ерлігі үшін" медалін иеленіпсіз. Ал, осыған сіз жойған бір танкінің өзі неше мың адамның өмірін қиятынын қоссақ Даңқтың он дәрежесімен марапаттаса да көп болмас еді дегенім содан. Кейін әйтеуір Даңқ орденінің үш дәрежесін алғандарды Батырдың Алтын жұлдызын алғандармен теңестірді ғой. Оған да шүкіршілік дейміз. Майданда ертегідегідей ерлік көрсеткен Бауыржан Момышұлының омырауына Жауынгерлік Қызыл Ту орденінен артықты қимағанын еске түсірсек, Кеңестік қасаң саясаттың ұлттарды осындайда алалауының салқыны тиді ме? деген ой келеді.**

- Ол кезде орден үшін соғысыппыз ба? Не берсе де риза болдық. Әйтеуір тірі қалдық. Соған тәубә дейміз, - дейді Мүкең салқын ғана.

Мүкеңнің Жоғарғы Бас қолбасшының бұйрығымен 11 рет алғыс алғанын, кейін 1985 жылы Отан соғысы орденінің 1 дәрежесімен марапатталғанын, бірнеше қалаларды босатуға, бірнеше өзендерді кешіп өтуге қатысқаны үшін алған сандаған медальдарын санамаламай-ақ қояйық. Біздің анық білетініміз Мүтәш Сүлейменов - Отан үшін сан рет отқа түскен, бірақ күймеген, елінің, ұлтының намысын бермеген, қазақ халқының батыр ұлдарының қатарында тарихта қалатын, майдандағы ұрыста да, еңбектегі ұлы істерде де алда болған аяулы да ардақты Азамат. Бұған ешкімнің таласы жоқ.

**- Соғысты осымен аяқтайық, Мүке. Айтар оқиғалар аз емес. Оның бәрін таратып жазу үшін уақыт керек. Енді Жеңіс парадтарына қатысып көрейік. Сіз сондай парадтардың төртеуіне қатысқан бірден бір куәгер боларсыз?**

- Осылардың ішінде бірінші парадтың жөні бөлек. Оған әр майданнан - 800-дей адам қатысты ғой. Өте салтанатты өтті. Онда мен Германия жерінде едім. 2 - Белорус майданының қолбасшысы маршал К.К. Рокосовский. Өте сұлу адам. Бойы басқалардан асып тұратын. Таңертеңгілікте біздің полктан үш адамды - мені, Кеңес Одағының Батыры Калмановты және бір барлаушыны штабқа тез жетсін деген хабарды естідік. Бұл - төрт жыл соғыс сұрапылын бастан кешкен біздердің қуанышымыз қойнымызға сыймай шалқып-тасып жүрген кезіміз ғой. Өндірдей жаспыз. Осы алғашқы парадқа қатысқанымды әрі мақтаныш, әрі мәртебе санаймын. Дандайсыған фашист армиясының туларын Ленин мавзолейінің іргесіне құлаштап лақтырып тастап, бүкіл әлем алдында дұшпанды масқаралаған парад осы.

**- Бұдан кейінгі парадтар...**

- Бұдан кейін Жеңістің 40 жылдығына және елу жылдығына арналды ғой. Жеңістің 25 жылдығында Даңқ орденінің үш дәрежесіне иегерлердің кездесуіне қатыстым. 45 жылдықта КСРО Президенті М. Горбачев қабылдады. Ең соңғысы - 2000 жылғы парад. Одақ тарағанмен кешегі сұрапыл соғыста бірге болған қанды көйлек майдандастармен кездесудің әсері айтып жеткізгісіз. Өмірдің заңы ғой. Өрттен қалғандай селдіреппіз. Кешегі лебімен от тұтатқан жастар ақ бас аталар болыппыз. Бірақ жүрегімізден от кетпепті. Міне, осы жолы соны сездім. Тәуелсіздік алған алтын Отаным - Қазақ елінің бір өкілі болып барғаныма, соған мүмкіндік берген Аллама мың мәртебе шүкіршілік, тағдырыма ризалық білдіремін!

Осы әңгіме үстінде Мүкеңнің жүзі жайнай түсіп, бойына бір ғаламат күш құйылып, жасарып кеткендей сезілді маған.

**- Осыған байланысты бір сұрақ туады. Кейбіреулер Ұлы Отан соғысы деген жоқ. Кімнің отанын қорғадық? - дегенді айтады. Осы мәселеге қалай қарайсыз?**

- Бұған менің жауабым қысқа. Қазақта "Кімнің жерін жерлесең, соның суын суларсың" деген бар. Ол кезде бүкіл Одақ халқының тағдыры қыл үстінде болды. Біз Отанды қорғай отырып, бүкіл әлемді фашизм апатынан сақтап қалдық. Сонымен бірге қазақ халқының мәртебесін көтердік. Есіңізде ме, немістердің "қайсар қаралардың" - қазақтардың ерлігін қызғана да қызыға жазғанын. Арғы жағы түсінікті болар. Ал, "Ұлы Отан соғысы" деп атай ма, жоқ 2-дүниежүзілік соғыс деп атай ма, оны тарихшылардың үлесіне қалдырайық,- деп Мүкең бұл мәселеге нүкте қойғандай болды.

**Енді бір пендешілік сұрақ қояйын. Соғыста қорықтыңыз ба?**

Мүкең рахаттанып күліп алды. - Егер мен "қорықпадым" десем сенер ме едіңіз? Әрине, сенбейсіз. Өлімнен қорықпайтын адам болмайды. Дүниенің жарығынан артық, одан қымбат ештеңе жоқ. "Бекер ғой бәрі-бөтен ғой, өмір дегенің бір күндік сәуле екен ғой!"... - деп Мұқағали ақын тегін айтпаған. Бауыржан Момышұлы өзінің "Соғыс психологиясы" деген еңбегінде: "Қорықпайтын адам жер бетінде жоқ... Тәуекелсіз - жеңіс жоқ" деп тамаша айтқан. Мұны былай қорытындылауға болады: аз ба, көп пе қорқыныш басы жұмыр пендеге тән сезім. Бірақ "үш күннен кейін адам көрге де үйренеді" деген бар. Алғашқы ұрыстан кейін етің үйрене бастайды. Әдістенесің. Өлмейін десең - өлтір жауыңды. "Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі". Осыны мен талай рет бастан кештім, көзбен көрдім. Бір полкта танкке қарсы ататын он екі зеңбірек болады. (45 мм-тен 6,75 мм-тен - 6). Әрқайсысының өз командирі бар. Мен соның бірінің командирі болдым. - Жолдың ортасымен жүрме, мина болуы мүмкін, - деп жүргізушіні жолдың шетіне қарай бұрғызғанымша соңымызда келе жатқан зеңбірек минаға соғылып, адамдары мерт болды. Адамның аяқ, қолы жұлынып түсіп, жыбырлап жатады екен. Қорқынышты ма? Әрине. Амал бар ма, өлген артынан өлмек жоқ. Соғыста күйректік жолдас емес. Үрейге жеңгізсең-ақ құрыдым дей бер. Қанша ержүрек болсаң да көзсіз батырлыққа барма. Көзсіз батырлық, Баукеңнің сөзімен айтқанда,- есерсоқтық. Шамаң келгенше ақылмен, әдіспен соғыс.

Майданда талай дос - жолдастарымнан айырылдым. Соғысты бірге аяқтағандары да болды. Солардың көбі кейде түсіме де кіреді. Зеңбірек көздеушісі Николай (Коля) Новойенко, оқтаушы әрі оқ жеткізуші Иванов, взвод командирі аға лейтенент Лованов, батарея партия ұйымдастырушысы Гусев және Никулин, Шишкин сияқты ержүрек жігіттерді ұмытуға бола ма? Соғыстан кейін хат-хабар болмай кетті...

**- Мүке, елді сағынған шығарсыз, енді ауылға қайтсақ қайтеді, - деймін қалжыңдап.**

- Қайтсақ қайтайық. Соғыс жайында әңгімелеу маған да оңай тиіп отырған жоқ. Тек мынаны айта кетейін. Үш рет жараландым. Майданды тастап кетпедім. Жарамды таңғызып алып, соғыса бердім. Жеңіс жылы 25 қазанда қасиетті Нұра жеріне аяғым тиді. Ұстаздық өмірім басталды. Казгородок мектебінде отыз сегіз жыл, Киевка мен Маржанкөл кеңшарларындағы мектептерде үш жыл - барлығы 41 жыл алғашқы әскери даярлық және дене шынықтыру пәндерінен сабақ бердім. Бала кезімде өзіме білім берген Ақмағамбет Құрманбеков, Елшібек Қаусылов сынды ұстаздарымды, әсіресе, өмір жолын дұрыс таңдауыма ақылшы аға, қиыншылықта арқа сүйер пана болған Омар Сыздықов, Мұхтар Молдахметов есімдерін әрқашан ризалықпен еске алып, дұға қайырып жүремін. Мектептерде Уәтай Әубәкіров, Баймағамбет Мамыраев, Мылтықбай Әскеев, Асға Шалқарбаев сияқты асыл азаматтармен әріптес болдым. Олардың өмір жолдарын үлгілі ұл-қыздары жалғастырып келеді.

Адамның екі қимас ұясы бар. Ол - өзінің отбасы және еңбек ететін ұжымы. Осы екеуі жақсы болса - өмірің көңілді, еңбегің өнімді болады.

**- Мүке, отбасы дедіңіз ғой. Жеңгейдің еңбегін ұмытып кетіп жүрмейік.**

- Оныңыз орынды. Мен - отағасы, жеңгең - отанасы. Соғыстан оралған соң шаңырақ көтердік. Аты-жөні - Алтын Ахмедина. Өзіміздің Нұраның тумасы. 35 жылдай сауда, аудандық атқару комитеті, кітапханаларда қызмет істеді. Он бала сүйдік. Солардың қазір жетеуі бар. Құдайға шүкір, ержетті, жоғары білім алды. Ел қатарлы еңбектенуде.

**- Сіздің абыройлы болуыңызға жеңгейдің көмегі аз болмағанына шүбәсізбіз. Өйткені әлімсақтан еркек-бас, әйел - мойын. Мойынсыз бас бұрылмайды. Бұрылмаған бастың көретіні аз. Ағынан жарылып айтсақ, болашағымыздың қандай болатыны баладан гөрі анаға байланысты болар...**

- Оған таласым жоқ. Әйтсе де ана мен баланың бүгінгі тіршілігі көңілімді қанағаттандыра қоймайтынын жасырғым келмейді. Ана - жерге түсер дән, тұқым болса, бала - өнім. Тұқым нәшекі болса, жерді қанша баптасаңыз да сапалы өнім бермейді. Ертеңгі ел бастайтын да, қол бастайтын да баланың тағдыры анамен тамырлас. Осыны ұмытпаған елдің келешегі мол, ал, келешегімізді ойласақ тәуелсіздігімізді нығайту, қорғау-ең алдымен тілге оралады. Сақтық керек. Сақтық - сан соқтырмайды. "Сақтансаң-сақтаймын" деген Алла сөзі. Мен ұстаздық өмірімде жас... рға мың қайтара ескерткен ... лармын. Бүгін де соны қайт... лап айта бергім келіп тұрады...

Тәуелсіздігімізді қолға ал... лы он жыл әлі тола қойған жо... Тарих үшін бұл қас қағым сә... Қиыншылық көп. Еліміз үшін, әсіресе, бұрын жайбарақаттыққа үйренген қазақтар үшін ең қажеттісі деп айтарым: аңқаулық пен жалқаулықтан арылайық. Жан-жағымызға ой салып қарайықшы. Анау қытай, кәріс, немістің еңбекшілдігі бізде неге жетіспейді. Жапон мен американдардың ізденгіштігі неге жоқ? Анау чешендердің болаттай берік рухы, жолбарыстай жүректілігі қайда? Тілімізді құрметтесек, ділімізді тазартсақ, дінімізді берік ұстасақ жоғарыда айтқан қасиеттерді бойымызға сіңірсек - басқалардың жымысқы, жезөкше саясаты біздің маңымызға жолай алмайды. Менің айтарым осы.

Мүкең - бақытты адам. Бақыттылығы қанды қырғыннан аман қалғандығында да емес, одан кейінгі жемісті еңбектерінде де. Сол еңбектері оны ел сүйіктісі, мақтанышы атандырды. Ол - Нұра ауданының Құрметті азаматы. Қаза... орта мектебі оның атында.

"Елдің атын ер шығарады"... Сүйер ұлың болса, сүйсінгені... абзал. Ертеңгі - 10 қыркүйекте... 80 жылдық мерейтойын мәдениетті зиялы елдің дәстүрімен өткізу ел басқарып жүрген азаматтарымыздың абыройлы міндеті дейміз.

Біз Батыр аға - Мүтәш Сүлейменовке ұзақ өмір, шат - шадыман көңіл, шуақты күндер, қуатты жылдар тілейміз!

**Масғұт ХАЛИОЛЛА,**
**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.**

## ЗВЕЗДЫ ПОБЕДЫ

*Годы военные память*
*людская*
*Воплотила в гранит,*
*проходя сквозь века.*
*Ушедшие в бой*
*превратилися в вечность,*
*В траву — на земле,*
*в небесах — в облака.*

*Часто тревожит*
*нелегкая старость,*
*Но сердце забыть никому*
*не дает*
*Солдат, опаленных*
*военным пожаром*
*И тот сорок пятый*
*волнующий год.*

*Ходили в атаки,*
*рыли окопы,*
*Рвали кольцо в*
*окружении врага.*
*Столько дорог прошагали*
*солдаты...*
*Встречали их пули*
*и злая пурга.*

*Знали, что время настанет*
*И на израненной в битвах*
*земле.*
*Встанет стеной золотая*
*пшеница,*
*И мирное солнце засветит*
*во мгле.*

*В бронзу и камень одеты*
*солдаты,*
*Стоят по планете в каждой*
*стране,*
*Звезды Победы над ними*
*сияют,*
*Кто жив и кто пал на*
*войне.*

*В каждую дату Великой*
*Победы*
*Мы с вами, солдаты второй*
*мировой.*
*Вы расписались на стенах*
*рейхстага*
*И звезды Победы зажгли*
*над землей.*

**Н. ФЕДЧЕНКО.**

## О дяде Коле

Не надо клятв о
Вечной Памяти—
Вы, просто,
посидите с Ним,
Вы покурите, если курите,
И не с легендой, а живым.

Вы помолчите с Ним,
послушайте:
Вой мины —"вроде, перелет"
И соловья , — между
разрывами —
"Вот хулиган — поет,
поет!"

Он по сей день — только
махорку.
Поет в застолье "Огонек",
Себя теперь он называет:
Мол, старый, трухлый
я пенек...

А я пацан, пятидесятых,
Дядь Колю знал совсем
иным:
Он в переводе на сегодня,
Как говорится, был крутым.

Крутым не в долларах
и шике—
Крутым в труде,
крутым в беде.
Он повторял:
"Не в деньгах счастье—
Они— круги лишь на воде..."

Он спас страну и не за деньги
Ее ж с разрухи подымал.
Не воспевая, понимал Он:
Долг, честь и совесть
— капитал.

Дядь Колю чтут у нас
в поселке,
Особенно, — под юбилей
А в будни?
В будни — это проза:
Не может он достать гвоздей.

Дядь Коля — плотник,
Он работник—
и по сей день—
Горит в руках...
Он — на земле, он рядом
с нами
А не парит он в облаках...

**В. ТУЛЯКОВ.**

